



16-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# КИНО ӨНЕРІНЕ КІРІСПЕ

Перспектива мен терең бейне





### Негізгі идеялар:

1. Киногердің жұмыс істеу кеңістігі екі өлшемді емес, үш өлшемді болып табылады. Үшінші өлшем: Алаң тереңдігі.
2. Киногер алаңның тереңдігін де назарда ұстауы тиіс.
3. Сондықтан да киногер осынау барлық болмысты тереңдетіп орналастыруға, яғни бейнені тәртіптеуге (композициялауға) міндетті.
4. Бейненің тәртіптелуінің перспективамен тығыз байланысы бар.
5. Перспектива дегеніміз, үш өлшемді кеңістіктегі болмыстар мен объектілердің белгілі бір ракурс бойынша екі өлшемді бір кеңістікке нағыз көрінісімен, яғни үш өлшемді сияқты етіп көрсетілуі.

### Фильмдер:

1. Нури Билге Джейланның «Жат» (Отчуждение) атты фильмі
2. His Girl Friday
3. Летят журавли
4. Chen Kaige-нің фильмі Life on a String (1991).

Жиектеу (кадрге алу) дегеніміз бейнені ені мен бойына қарай орналастыру екенін алдыңғы сабақтардан көрдік. Басқаша айтар болсақ, бейнені екі өлшемді кеңістіктің (жақтаудың) ішіне белгілі бір тәртіппен орналастыру.

Оператор немесе киногердің жұмыс істеу кеңістігі екі өлшемді емес, үш өлшемді болып табылады. Үшінші өлшем: Алаң тереңдігі.

Оператор немесе киногер алаңның тереңдігін де назарда ұстауы тиіс.

Сондықтан да киногер осынау барлық болмысты тереңдетіп орналастыруға, яғни бейнені тәртіптеуге (композициялауға) міндетті.


Бейненің тәртіптелуінің перспективамен тығыз байланысы бар.

Олай болса перспектива дегеніміз не?

Перспектива үш өлшемді кеңістіктегі болмыстар мен объектілердің белгілі бір ракурс бойынша екі өлшемді бір кеңістікке нағыз көрінісімен, яғни үш өлшемді сияқты етіп көрсетілуі болып табылады.

Негізінде бейнені үш өлшемді етіп орнату ежелгі дәуірде пайда болған техника еді.

Бұған дәлелді б.э.б. 300 жылы салынған Зевгма қаласының мозайкаларынан көруге болады.



Алайда бейнені тереңдетіп орнату техникасы кейіннен ұмыт болып кеткен.


Тереңдетіп орналастыру техникасы перспектива арқылы ерте Ренессанс кезеңінде қайта туды.

Тереңдетіп орналастырудың қайта тууына себеп болған феномендердің бірі Шығыс даналығы еді.

Араб ғалымы Ибн аль-Хайсамның (батыстықтар оған Альхазен және Ptolemaeus Secundus дейді) (965– ш. 1040), Kitāb al-Manāẓiq (бейнелердің кітабы) деп аталатын еңбегі адамның көру мүмкіншіліктері жайында еді.



Кітап: Кино өнеріне кіріспе  
Дәріс: Перспектива мен терең бейне  
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков



Бұл кітап 1260 жылы Латын тіліне аударылып, Европадағы ғылымның, соның ішінде әсіресе перспективаның туылуына себеп болды.

1427 жылы, Италиян суретші Мазаччоның (Masaccio) Исаның крестке асылған бейнесін көрсететін фрескалық шығармасы алғашқы перспективалық еңбектердің бірі болып табылады.



Ренессанс кезеңінде пайда болған перспективаның құралдары қысқа мерзім ішінде Европалық кескіндеу өнерінде кеңінен қолданысқа ие бола бастайды.

Суретшілер перспективамен ойыншықтай ойнап, жаңа ерекшеліктерді тапты.



Голландиялық атақты суретші Майндерт Хоббеманың (Meindert Hobbema) мына пасторальдық суреті де сол кезеңдегі перспективамен ойнаған атақты еңбектердің бірі.





Хоббеманың бұл шығармасында сурет тереңдей түскен сайын ағаштардың қысқара түскенін және жолдың да тарыла түскенін көруге болады. Сонымен бірге бұлттарға да перспектива құралдары қолданылғандығын көруге болады.

Перспективаның пайда болуы Ренессансты дүниеге әкелген себептердің бірі болып табылады. Яғни көптеген сурет пен фрескаларда көруге болатын перспективаның табылуы мен қолданысқа енуінің 15-ғасырға дөп келуі жәйдан-жәй емес.

Өйткені Ренессанс, тек кескіндеу өнеріндегі перспективаны емес, жалпы Европадағы білім мен ғылымдағы әр түрлі көзқарастардың пайда болған кезеңі болып табылады.

Өнердің, философияның, әдебиеттің, архитектураның барлық салаларында перспектива, яғни терең көзқарас үстемдік құрды.

Бұл жағдай философия мен өнер саласында еркін адамдардың пайда болып, өздерінен бұрынғыларға қарағанда әлдеқайда еркін әрі оригиналды еңбектерді тудыруын қамтамасыз етті.

15-ғасырдың суретшілері перспективаның ережелерін өлшем (масштаб) және объектілер арқылы қалыптастырды және тереңдетілген шығармаларындағы объектілердің барған сайын кішіреюін көрсететін суреттерін салған кезде басқа бір эстетикалық түсінікті ойлап тапты: Түстердің перспективасы.

Бірдей перспективаның ішіндегі түстерді зерттеген суретшілер заттардың барған сайын кішіреюі сияқты түстердің де қою түстен ашық түске қарай өзгеріске ұшырайтынын байқады.

Осылайша перспективамен бірге жаңа түс ізденістері де артты. Бұл жағдай суреттердің әлдеқайда шынайы болуын қамтамасыз етті. Сонымен бірге суретшіге жаңа түстерді табуға мүмкіндік берді.



Жоғарыдағы шығарманың аты: Жадтың үздіксіз жалғасымы (Постоянство памяти). Авторы: Сальвадор Дали.

## Кино өнерінде перспектива

Бейненің тәртіптелуінде (композициясында) киногердің негізгі назарда ұстауы тиіс болған нәрсе, ол – болмыстарды кеңістікте тереңдік қалыптастыра алатындай етіп орналастыру;


Камераның тұратын бұрышын, яғни көру бұрышын барынша тереңдік сезімін тудыра алатындай етіп таңдау.

Сондықтан да оператор мен киногер бейнені тәртіптеген кезде перспектива ережелерін қолдануға тырысады.

## Перспективаның негізгі элементтері

- Қарау нүктесі;
- Көзжиек сызығы;
- Қашу линиясы (линия схода);
- Қашу (немесе жойылу) нүктесі.
- Перспективаның ережелері





Перспективада белгілі бір қарау нүктесі бар.

Кез келген бақылаушы айнала төңірегіне белгілі бір нүктеден (бұрыштан) қарайды. Бұл нүкте кинематографияда камераның объективінің тұрған жері болып табылады.

Болмыстар, бұл қарау нүктесінен алыстаған сайын кішірейеді.

Қарау нүктесінен алыстаған сайын сызық күйінде ұзайтын кесінділер қашу линиясы (линия схода) болып табылады.

Бұл линиялар көкжиек сызығына қарай ілгерілеген сайын бір біріне жақындайды және көкжиек сызығындағы бір нүктеде бірлесіп жоқ болып кетеді. Бұл нүктеге қашу нүктесі (точка схода) немесе жойылу нүктесі дейміз.

## Перспективаның түрлері

Негізгі 2 түрі бар:

1. Сызықтық перспектива
2. Түс перспективасы

## Перспектива қолданудың мақсаты:

Бейненің үш өлшемділігін және тереңдігін арттыру;

Бұл жерде оператор мен киногердің ең негізгі жәрдемшісі тереңдетілген бейне болып табылады.

## ТЕРЕҢ БЕЙНЕ

Камера объективінің ерекшеліктеріне байланысты киногердің / оператордың бейнені тәртіптеу алаңы да жаутаулаудағы сияқты шектеулі болып табылады. Камераның объективі де адамның көзі сынды тек белгілі бір тереңдіктегі болмыстарды белгілі бір айқындықта (sharpness, definition) көре алады; бұдан тыс қалған заттар мен болмыстар бұлыңғыр болып көрінеді.

Көзімізді белгілі бір объектіге қадап қарайтын болсақ, көздің линзасы бұғын сәйкестенеді де тек сол объектіні айқын етіп көрсетеді, ал мұның тысындағы нәрселер бұлыңғыр болып көрінеді. Алайда бұл объектіден алыстайтын болсақ объектінің алды мен артындағы айқын көріну тереңдігі де кеңейе түседі. Мысалы өте алыстағы бір жерге қарар болсақ өте терең бір алаңның ішіндегі барлық объектілерді айқын көре аламыз.

Ал терең бейне арқылы тек бір объектіге фокустанумен бірге өте жақындағы бір объекті мен өте алыстағы бір объектіні бірдей дәрежедегі айқындықпен түсіре аламыз. Бұл жағдай объективтің мына ерекшеліктері арқылы іске асады:

- Кадр тереңдігі (depth of field, depth of focus, deep focus / Глубина резко изображаемого пространства, Глубина резкости)
- Объективтің айқындылығы (aperture, lens aperture / апертура)
- Фокустық арақашықтық (focus distance, focal length / фокусное расстояние)
- Фокустау (focusing / фокусировка).

## Терең бейне және кино өнері

Терең бейне киноның өнер болып қалыптасуына ең көп әсер еткен ерекшеліктердің бірі болып табылады. Терең бейненің кино өнеріне қосқан үлестерін былайша тізбектеуге болады:



Кітап: Кино өнеріне кіріспе  
Дәріс: Перспектива мен терең бейне  
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

*Осы жерде Нури Билге Джейланның «Жат» (Отчуждение) атты фильмінен үзінді көрсетіліп жатады. Лектор төмендегі сөздерді айтып сабағын жалғастырады. 0:27-03:04*

1. Терең бейне, көру алаңын барынша терең көрсетіп, кеңейтеді;
2. Ең алда тұрған нәрсе мен ең сонда тұрған нәрсе арасындағы байланыс, қарым-қатынас, бірдей айқындықпен, үздіксіз, бөлек бөлек түсірілімдерді керек етпестен бір бүтін ретінде көрсетіле алады;
3. Бұл ерекшелік үздіксіз бейне ішіндегі оқиғаны көрсететін актер үшін әлдеқайда ыңғайлы жағдай тудырады; актер өте шынайы әрі табиғи ойнайды;
4. Камера терең бейне арқылы дүниені кемшіліксіз және тұтастай етіп көрсетеді; дүниені бөлшектеу міндетінен құтылады; кадрды (түсірілімді) ауыстыруға немесе қозғалтуға мәжбүр емес екенін көрсетеді;
5. Бұл жағдайда камераның қозғалысы емес, адамдардың немесе өзге де болмыстардың қозғалыстары маңызға ие болады немесе камера мен бұл болмыстар бөлшектенбеген үздіксіз жалғасып жатқан кеңістік ішінде әлдеқайда жасампаз, әлдеқайда күрделі және бір бірімен тығыз қарым-қатынастарға ие болып қозғалатын болады;
6. Терең бейнеде монтаж да әр түрлі кадрлардың (түсірілімдердің) бір-бірінің артынша тізбектелуін емес, бір эпизодтағы актерлардың немесе өзге де болмыстардың орын ауыстыруы немесе камераның қозғалысының салдарынан ортаға шығатын болады;
7. Терең бейнеде камера дүниені бөлшектенбестен көрсеткендігі үшін уақыт пен кеңістік шынайы уақыт пен шынайы кеңістік ретінде санамызда орын алады;
8. Терең бейне көрерменді де кино туындының алдында өте белсенді болуға мәжбүрлейді. Мұның себебі мынада жатыр: Үйреншікті құрылымда, яғни монтаж көбірек қолданысқа түскен фильмдерде көрерменнің алдына режиссер таңдаған дүниенің бөлшектері шығады. Ал терең бейнеде көрермен әрбір эпизодтағы оқиғаға бір тұтас етіп қарай алады. Осының салдарынан эпизодтың ең маңызды нүктелері қайсы нүктелер екендігін білу, назарды қайсы актерға, қайсы объектіге, қайсы жағдайға аудару керектігі көрерменнің өзіне жүктеледі. Осылайша көрермен фильмге әлдеқайда белсенді түрде қатыса отырып, монтажды өз санасында жасауға мәжбүр болады. Басқаша айтар болсақ дәстүрлі құрылымдағы ұстаным, талдаушы болып келеді және бұл талдауды режиссер жасайды, ал терең бейне синтезді жақтайды және талдауды көрерменге тапсырады.

## Дыбыс тереңдігі

Кез келген бір бейнеде, бірақ әсіресе терең бейнеде тереңдіктің, үш өлшемділіктің дәрежесін арттыратын элемент, ол – дыбыс тереңдігі. Дыбыс тереңдігі, дыбысты шығарған болмыстың экрандағы жақындығы мен алыстығына қарай естілуін білдіретін термин. Негізінде ірі планда дыбыс жақыннан, ал жалпы планда дыбыс алыстан естілуі керек. Бұны дыбыс жазу аппаратының дыбыстың шығатын жеріне қарай орналастыру арқылы немесе дубляж жасаған кезде бұл қашықтық назарда ұсталуы арқылы іске асыруға болады. Дыбыстардың әр түрлі жақтан келуі де терең бейненің шынайлығын одан әрі күшейтеді.

## Перспектива және Фокустық арақашықтық

Фотокамераның объективі қарапайым тілмен айтар болсақ адамның көзінің жасаған нәрсесін жасайды. Яғни дөңгелек объектив объектив алдында тұрған сахнадан жарықты жинайды, сөйтеді де жарықты мөлшері, тереңдігі және сахнадағы көріністі қалыптастыру үшін өзінің артындағы тік төрт бұрыш тесіктен бос таспаның үстіне «төгеді». Алайда көз бен объектив арасындағы айырмашылықтардың бірі, объективтерді ауыстыруға болатындығы және олардың әр түрінің өзіне тән перспективаны қалыптастыратындығы. Егер екі түрлі объектив бір сахнаны түсірер болса, қалыптасқан бейнедегі перспективалық қатынастар айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Кең бұрыштық объектив рельстің тереңдігін асыра сілтеуі мүмкін немесе алдыңғы пландағы ағаштар мен ғимараттарды үлкен етіп көрсетуі мүмкін. Ал телеобъектив болса тереңдікті азайтып, ағаштарды бір-біріне жақын әрі бірдей үлкендікте көрсетер еді.

Олай болса осы тұста объективтер мен перспектива қатынастарына қарайық.

## Объективтер: Фокустық арақашықтық.

Бейнедегі перспективаны қадағалау режиссер үшін өте маңызды. Бұл үдерістегі негізгі айнымалы



объективтің фокустық арақашықтық ерекшелігі болып табылады. Техникалық тұрғыдан алғанда, фокустық арақашықтық объективтің центрінен, жарық сәулелерінің таспадағы фокустық пунктімен қосылған тұсы арасындағы арақашықтықты меңзейді. Фокус арақашықтығы біз көрген нәрселердің мөлшерін және пропорцияларын өзгертеді. Сондай-ақ бейнедегі біз көрген тереңдікті де өзгертеді. Объективті ұзындығына және перспективаны ұсыну тәсіліне қарай 3 түрге бөлуге болады.

**1. Қысқа фокусты (кең бұрышты) объектив.** 35 мм-лік кинокамераларда фокустық арақашықтық тұрғысынан 35 мм-ден қысқа болған объективтер кең бұрышты объектив ретінде саналады. Бұлай деп кең ауқымды көру ерекшелігіне ие болғандықтан аталады. Мұндай типтегі объективтер кадрдың жиегіне жақын тұратын тік сызықтарды майыстыруға және оларды сыртқа қарай шығаруға мейілді. Михаил Калатозовтың танымал фильмі «Тырналар Ұшып Барады» атты фильміндегі мына бір сахнадан көретініміздей кең бұрышты объектив камераға жақындаған немесе алыстаған фигураларды жылдам әрекет етіп жатқан сияқты көрсетумен бірге жоғарыда айтылып өтілген кадрдың жиегін бұзу ерекшелігін көруге болады.

*Летят журавли 10:25- 10:37*

**2. Орташа фокустық (қалыпты) объектив.** Орташа немесе қалыпты объективтің фокустық ұзындығы 50 мм-ді құрайды. Бұл объектив елеулі перспективалық бұрмалаушылықты болдырмауға тырысады. Орташа объективтермен көлденең және тік сызықтар тік және перпендикуляр ретінде көрсетіледі. Мысалы пойыз жолды түсірер болса алыстаған сайын бір біріне қосылып жоқ болып кететін нүктеге қарай алыстайтын болады. Алдыңғы және артқы фон созылмай немесе бір-бірімен сығылыспай көрінеді. Мысалы мұндай қалыпты объективпен түсірілген «Оның қызы – Жұма» атты фильмнің мына бір сахнасы «Тырналар Ұшып» барады фильміндегі сахнаға қарағанда әлдеқайда толыққанды.

*His Girl Friday 1:09:11-1:09:33*

**3. Ұзын фокустық (телеобъектив) объектив.** Кең бұрышты объективтер кадрдың жиектерін бормалайтын болса, телеобъектив, яғни ұзын фокустық объектив болса кеңістікті камераның осында тең тегіс жазықтыққа айналдырады. Тереңдік азалып, фигуралардың көлемі кішірейеді. Кеңістік сығылысқан бейнеге айналады. Құдды бір телескоптан немесе дүрбіден қарап тұрғандай әсер қалдырады. Сондықтан да объективтің бұл түрі «телеобъектив» деп аталады. (5.32). Ұзын линзалар кең бұрышты немесе қалыпты линзалардан гөрі қарапайым көру бұрышына түседі. Күтуге болатын болсаңыз, қозғалыстың ұзын линзамен әсері кең бұрышпен болатын жағдайға кері әсер етеді. Камераға қарай жылжып келе жатқан адам, кішкентай қашықтыққа қарағанда, көп уақытты қажет етеді. Қытайдың танымал режиссері Чэнь Кайгэнің «Қобыз ішегіндегі өмір» атты фильміндегі мына бір сахнаға қарап болсақ ұзын фокустық объективтің фигураларды, яғни фильмдегі адамдарды тең тегіс етіп, бұл адамдардың артындағы сарқыраманы екі өлшемді етіп көрсеткенін байқаймыз.

*Life on a String (1991, Chen Kaige) 12:07-12:24*

### Қосымша ресурстар:

1. Ellis, Jack C. (1995). A History of Film. 4th Edition. Boston, London, Toronto, Sydney, Tokyo & Singapore: Allyn and Bacon.
2. Nowell-Smith, Geoffrey (1999). The Oxford History of World Cinema. Oxford University Press.
3. Pechter, William S. (1971). Twenty-four Times a Second: Films and Film-makers. New York. Evaston & London: Harper & Row Publishers.
4. Pirie, David (Ed.) (1981). Anatomy of the Movies. Inside the Film Industry: The Money, the Power, the People, the Craft, the Movies. New York: Macmillan Publishing Co., Inc.
5. Robinson, David (1974). The History of World Cinema. New York: Stein and Day Publishers.